

Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 5 қыркүйектегі № 743 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 қарашада № 12245 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 561 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2019 № 561 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңының 29-бабының 1-тармағының 8-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-криминалистикалық департаменті (Қ.Қ. Аманқұлов) заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Р.Т. Жақыповқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жедел-криминалистикалық департаментіне (К.Қ. Аманқұлов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А. Мамытбеков
2015 жылғы 18 қыркүйек

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы 07 қазан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 743 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1-тармағының 8-5) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын қалыптастыру тәртібі

2. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасы Қазақстан Республикасының азаматтары мен ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар пайдаланатын азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруынан атылған оқтар мен гильзалардың коллекциясы негізінде қалыптастырылады.

3. Ойық атыс қаруынан, оның ішінде:

1) негізгі бөліктері, оқжатары, ұнғы оқпаны жөндеуден өткен, ауыстырылған немесе шаппасы механикалық өндөлген;

2) жеткізуши кәсіпорындар шет елден әкелген және Қазақстан Республикасының аумағында сатуға арналған қару оны сатқанға дейін;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елден сатып алған қаруы оны тіркеу және сақтау мен алып жүргүге ресімдеу алдында;

4) қару иелері сақтайтын және пайдаланатын;

5) заңды тұлғалар беретін немесе сататын қару оны берер немесе сатар алдында;

6) Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі қару сақтау мен алып жүргүге рұқсат алу немесе ұзарту, жою кезінде;

7) ойық ұнғылы марапаттық атыс қаруы ішкі істер органдарында (бұдан әрі – ПО) оны сақтау мен алып жүргүге рұқсатты ресімдеу алдында азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруынан атылған бақылаудағы оқтар мен гильзалар мемлекеттік оқ-гильза қоймасының объектілері болып табылады;

8) жаңадан жасалған, сондай-ақ зауыттық жағдайларда қайта жасалып жөнделетін азаматтық және қызметтік қаруды бақылау ату шығарушы кәсіпорында қарудың зауыттық паспортына тиісті жазбалар енгізіле отырып, ПО-ның азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлінісі қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі.

4. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасының коллекциясына калибрі 11,56 миллиметрден асатын ойық атыс қаруынан, тегіс ұнғылы қарудан, пневматикалық және газды қарудан атылған оқтар мен гильзалар орналастырылмайды.

5. Атуға жататын қару, сондай-ақ атылған оқтар мен гильзалар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша қаруды атуды және коллекцияға орналастырылған бақылаудағы оқтарды, гильзаларды тіркеу журнальнда тіркеледі.

6. Қаруды бақылау ату ПО бөліністерінде жедел-криминалистикалық бөліністің қызметкери қару-жарап, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау, қаржымен қамтамасыз ету қызметтері қызметкерлерінің қатысуымен комиссиялық түрде жүргізеді.

Комиссия құрамы ПО-ның уәкілетті басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7. Азаматтық немесе қызметтік ойық атыс қаруының иесі қаруға бақылау ату жүргізу туралы ПО-ның бөлінісіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

8. Азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруы мен патрондарды ату орнына жеткізуі қару иесі немесе оның өкілі сенімхат негізінде дербес жүзеге асырады.

9. Азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруын бақылау атуды комиссия етінішті ПО-ның азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлінісінде тіркегеннен кейін апта сайын сәрсенбі күні қару иесінің (азаматтық қаруды ату кезінде) немесе сенімхат бойынша иесі өкілінің (қызметтік қару ату кезінде) қатысуымен жүргізеді. Атылған қару ату күні иесіне қайтарылады.

10. Қару-жарақ қызметінің қызметкері атудан кейін үш данада осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық және қызметтік атыс қаруын бақылау ату актісін ресімдейді. Актінің бір данасы бақылау-қадағалау немесе қару иесінің жеке ісіне енгізу үшін азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөліністе қалады, екіншісі қару иесіне беріледі, үшіншісі атылған оқтармен және гильзалармен бірге ПО қару-жарақ қызметінде сақталады. Азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруын бақылау ату актісі бес жыл сақталады, одан кейін жойылады.

11. Қаруды бақылау ату оны сақтауға, сақтау мен алып жүргүре рұқсат беру және ұзарту кезінде бес жылда бір рет жүргізіледі.

12. Қаруды ату тирлерде немесе оқ-гильза ұстағыштармен арнайы жабдықталған үй-жайларда (жедел-криминалистикалық бөліністерде болмаған жағдайда тылдық қамтамасыз ету бөліністерінде) жүргізіледі.

13. Қаруды бақылау ату кезінде объектілерді қарудың басқа даналарынан атылған оқтармен және гильзалармен ауыстыру мүмкіндігі болмайды.

14. Бақылау ату алдында қару-жарақ қызметінің қызметкері қаруды зауыттық және консервациялаушы майларынан тазартады, ұнғысы мен бекітпенің патрон тіреуішін сұртеді.

15. Қарудың әрбір данасынан кемінде үш оқ пен үш гильза атылады. Тегіс ұнғылы ұнғыларда ойық қондырмалар, алмалы-салмалы ұнғылар болған жағдайда әрбір ұнғыдан үш-үштен бақылау оғы мен гильза атылады.

16. Револьверлерден барабанның әрбір каморасынан екі-екіден оқ пен гильза атылады. Револьверлерді бақылау ату алдымен қабықшақты, содан кейін қорғасын оқтармен жарақталған патрондармен жүргізіледі.

17. Қарудың әрбір данасының атылған оқтары мен гильзалары жеке берік полиэтилен пакеттерге салынады, бұл ретте әрбір оқ пен гильза жұмсақ құргақ қағазға (мақтаға) оралады. Пакеттің ішінде органның атауы, қарудың түрі, моделі, сериясы, нөмірі мен шыққан жылы, қару иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ату күні көрсетілген бирка жапсырылады. Жазулар "Пакеттер үшін" деген бедері бар мөрмен куәландырылады. Содан кейін пакет толық бітеледі.

18. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасы коллекцияларының объектілерін сақтау үшін желдеткішпен және күзет-өрт сигнализациясымен жарақталған үй-жай бөлінеді.

19. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасы коллекцияларының объектілерін сақтауға арналған үй-жай қосарланған есіктермен жабдықталады, сыртқысы темірмен қапталады, ішкісі – шыбықтың жуандығы кемінде 15 миллиметр, торшаның өлшемі 60 миллиметр етіп торланған, берік ілмектері бар, терезелері темір торлармен жабдықталады.

20. Мемлекеттік оқ-гильза қоймасы объектілерінің коллекциясы құлыпқа бекітілетін және мөрленетін шкафтарда сақталады.

21. Азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруынан атылған оқтар мен гильзалардың коллекциялары аумақтық ПО-лардың қару-жарап қызметтерінде сақталады.

22. Оқтар мен гильзалар Мемлекеттік оқ-гильза қоймасының коллекцияларынан:

- 1) кезекті бақылау атудан кейін;
- 2) қаруды жойғаннан кейін алынып қойылады.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Криминалистикалық оқ-гильза қоймасына оқтар мен гильзаларды ұсыну тәртібі

23. Оқтар мен гильзаларды қару-жарап қызметі ПМ КОГҚ-ға уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған немесе қарудың жоғалғаны, ұрланғаны анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

24. Тексеріс нәтижелері оның бастамашысына хабарланады.

25. Бақылаудағы оқтар мен гильзалар ПМ КОГҚ-да жоғалған, ұрланған қарудың тұрған жері анықталғанға дейін сақталады.

26. Бұрын жоғалған, ұрланған ойық ұнғылы азаматтық және қызметті қару табылған (алып қойылған) немесе ерікті түрде тапсырылған кезде қару-жарап қызметі үш күндік мерзімде қауіпсіз ату жүргізу үшін жарамдылығын анықтау мақсатында қаруды қарайды және оның із қалдыратын бөлшектерін зерделейді, одан кейін кейіннен ПМ КОГҚ-ға жолдай отырып, экспериментальдық оқтар мен гильзаларды ату жүргізеді.

27. Бақылау және экспериментальдық оқтар мен гильзалар қару табылғаны туралы хабарлама алған күннен бастап бес жыл ішінде ПМ КОГҚ-та сақталады, одан кейін осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес жойылады.

Нысан

**Қаруды атуды және коллекцияға орналастырылған
бақылаудағы оқтарды, гильзаларды тіркеу журналы**

p/ с №	Органның атауы	Қарудың түрі	Қарудың моделі	Қарудың сериясы	Қарудың нөмірі	Шықкан жылы	Атылған оқтар мен гильзалардың саны	Иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ату күні	Комиссия құрамы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Мемлекеттік оқ-гильза
қоймасын күру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

_____ бастығына
(ПО бөлінісінің атауы)

_____ (кару иесінің немесе занды тұлға өкілінің

_____ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда),

_____ мекенжайын, байланыс

_____ телефондарын көрсету)

_____ Өтініш

Сізден саны _____ дана атыс қаруына бақылау ату жүргізу ді
сүраймын.

_____ (қарудың түрін, моделін, сериясын, нөмірін және шыққан жылын көрсету)

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

(қолы)

20 жылғы " "

Мемлекеттік ок-гильза
қоймасын құру қағидаларына
3-қосымша

Нысан
Атыс қаруын бақылау ату актісі
Комиссия құрамында _____ атыс
қаруын

(лауазымын, атағын, тегін, атын, әкесінің атын
(бар болған жағдайда) көрсету)
бақылау ату жүргізді:

p/ c №	Карудын түрі	Карудын моделі	Карудын сериясы	Карудын нөмірі	Шыккан жылы	Патронның таңбасы	Атылған октар мен гильзалардың саны	Иесінің тегі , аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ату күні	Ескертпе

Комиссия мүшелері: _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар (қолы)
болған жағдайда)

Қару иесі: _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған
(қолы) жағдайда)
20 жылғы " "